



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции  
«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В  
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ  
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference  
“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT  
OF A NEW REALITY”**

**НҰР-СҰЛТАН 2021**

**УДК 657.6**  
**ББК 65.053**  
**С23**

**С23** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

**ISBN 978-601-337-598-4**

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

**ISBN 978-601-337-598-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2021

что они уже вносят важный вклад в оценку готовности национальных систем к отчету по выполнению ЦУР и могут реально содействовать выполнению Цели 16 «Содействие построению миролюбивого и открытого общества в интересах устойчивого развития, обеспечение доступа к правосудию для всех и создание эффективных, подотчетных и основанных на широком участии учреждений на всех уровнях» [12]. В особенности, задачи 16.6, предусматривающей создание эффективных, подотчетных и прозрачных учреждений на всех уровнях.

#### Литература:

1. Система профессиональной документации INTOSAI - <https://www.eurosai.org/ru/training/training-events-and-outputs/-ISSAI/>
2. Сайт Международной организации высших органов аудита (INTOSAI) - <http://www.intosai.org>
3. Сайт ООН - <https://www.un.org/ru/>
4. Маргит Кракер. Как ИНТОСАИ может способствовать проверке выполнения Целей устойчивого развития //Журнал Евросаи, 2016, № 22, С.68-71
5. Аудит ЦУР: вызовы и возможности для высших органов финансового контроля//Журнал Евросаи, 2018, № 24, С.70-72
6. Августин Кубик, Беата Бласяк-Новак, Марцена Райчевска. Высшие органы финансового контроля провели аудит готовности к достижению целей устойчивого развития до 2030 года //Журнал Евросаи, 2018, № 24, С.76-79
7. Перспективы и реализация целей устойчивого развития ООН в Казахстане - <https://strategy2050.kz/ru/news/53576/>
8. Система профессиональных стандартов ИНТОСАИ. ISSAI 5202 «Устойчивое развитие: роль высших органов аудита» - <https://www.issai.org/>
9. Государственный аудит. Учебник./Б.А.Алибекова, А.Б. Зейнельгабдин, С.Б.Макыш, А.М.Мухаткерим, С.Н.Нугурбеков, Д.М.Нурхалиева, Б.О.Туребекова, С.К.Тажикенова, А.К.Карыбаев/под.ред. К.Е.Джанбурчина - Астана: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2016 – 375с.
10. Ножкина Т.В. Международный аудит: Петропавловск-Камчатский: КамчатГТУ – 2007 – 127 с.
11. Кучеров, И. И. Контроль в финансово-бюджетной сфере: Научно-практическое пособие / Кучеров И.И., Поветкина Н.А., Абрамова Н.Е. - Москва: Контракт, ИЗиСП, 2016. - 320 с.
12. САИТ ООН. Цели устойчивого развития - <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/>

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОБЪЕКТИСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

*Әділбек Ж.Н, Үйісбек А.С*

Мемлекеттік аудит мамандығының 3-курс студенттері

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,  
Қазақстан Республикасы  
E-mail: [Zhanelyaay@mail.ru](mailto:Zhanelyaay@mail.ru), [AbylaiUisbek@gmail.com](mailto:AbylaiUisbek@gmail.com)

**Аннотация:** Әр елдің мемлекеттік экономикасының дамуында, сонымен қатар мемлекеттік басқаруының жетілуінде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың алар орны өте ерекше. Қазіргі таңда әлемде қалыптасып отырған дағдарыс жағдайда, пандемия әсерінен мемлекетке түсетін түсімдердің қысқаруына байланысты қоғамда мемлекеттік аудиттің рөлі арта түсуде. Мемлекет бюджетінен бөлінген әрбір тиынның тиімді әрі орынды жұмсалып аса маңызды, яғни мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылуы қажет. Бюджет қаражатының қаржылық есептігін жасауда, ақша қаражатының тиімділігін бағалауда мемлекеттік аудиттің бір типі – қаржылық есептілік аудитінің рөлі жоғары.

Бұл мақалада біз қаржылық есептілік аудитіне теориялық жағынан тоқтала отырып, мемлекеттік аудиттің жоғарғы органдарының қызметінің соңғы жылдардағы нәтижелеріне талдау жасай отырып қаржылық есептілік аудитінің маңызын ашып көрсеттік. Мақалада Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті және Тексеру комиссияларының соңғы 2-3 жылдағы нақты мәліметтері алынған.

**Аннотация:** роль государственного аудита и финансового контроля в развитии государственной экономики каждой страны, а также совершенствовании государственного управления весьма специфична. В настоящее время в условиях складывающегося в мире кризиса роль государственного аудита в обществе возрастает в связи с сокращением поступлений в государство под влиянием пандемии. Важно, чтобы каждая копейка, выделенная из бюджета государства, была эффективно и разумно потрачена, то есть должна быть организована на высоком уровне эффективности деятельности объектов государственного аудита. В составлении финансовой отчетности бюджетных средств, оценке эффективности денежных средств велика роль одного из типов государственного аудита – аудита финансовой отчетности.

В данной статье мы раскрыли значение аудита финансовой отчетности, теоретически остановившись на аудите финансовой отчетности, проанализировав результаты деятельности высших органов государственного аудита за последние годы. В статье взяты конкретные данные Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета и ревизионных комиссий за последние 2-3 года.

**Abstract:** The role of state audit and financial control in the development of the state economy of each country, as well as the improvement of public administration, is very specific. At present, in the context of the emerging global crisis, the role of state audit in society is increasing due to the decline in state revenues under the influence of the pandemic. It is important that every penny allocated from the state budget is effectively and reasonably spent, that is, the

efficiency of the activities of state audit institutions should be organized at a high level. The role of one of the types of state audit – the audit of financial statements-is very important in the preparation of financial statements of budget funds and the assessment of the effectiveness of monetary funds.

In this article, we have revealed the significance of the audit of financial statements, theoretically focusing on the audit of financial statements, analyzing the results of the activities of the highest state audit bodies in recent years. The article takes specific data of the Accounts Committee for Control over the Execution of the Republican Budget and audit commissions for the last 2-3 years.

**Түйінді сөздер:** қарлыжық есептілік, аудит, Есеп комитеті, Тексеру комиссиясы, қаржылық бұзушылық, мемлекеттік аудит объектілері.

Қазіргі таңда әлемде пандемия өріс алып, әлем елдерінің экономикасына үлкен соққы беруде. Пандемия біздің еліміздің экономикасында айналып өткен жоқ. Коронавирустық пандемияға байланысты бюджетке салықтық түсімдер бойынша шығындар 1 трлн теңгеге бағаланды. Осындай дағдарыс кезінде бюджеттен бөлінген әрбір теңгенің дұрыс жұмсалыуымен қатар мемлекеттік аудит объектілерінің тиімді қызмет етуінің маңызы артып, қоғамдағы аудиттің рөлі өсіп жатыр. Осы орайда қаржылық есептілік аудиті мемлекеттік аудит объектісінің қызметін бағалау және бюджет қаражатының мақсатты жұмсалыуын бақылаудың бірден-бір құралы ретінде маңыздылығы артты.

Қаржылық есептілік аудиті ұғымына тоқтала кетсек. Қаржылық есептілікті тексеру мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық есептілігін жасау мен ұсынудың анықтығын, негізділігін және уақтылығын бағалауды білдіреді. Қаржылық есептілік мемлекеттік аудит объектілерінің қаржылық жағдайы мен қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпаратты білдіретіні белгілі. Демек, қаржылық есептілік аудитінің мақсаты Қазақстан Республикасының және ҚСХҚЕС нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің атқарылуының қаржылық есептілігін жасауының толықтығы мен дұрыстығын тексеру болып табылады.

Қаржылық есептілік аудитінің пәні болып қойылған әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындау және мемлекеттік қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын, мемлекеттің меншігіндегі барлық қаржылық және өзге де активтерді есепке алу және олардың есептілігі болып табылады.


Қаржылық есептіліктің аудиті бюджет қаражатын пайдалануды есепке алу мен есептіліктің қамтамасыз етілу және сенімділік дәрежесі туралы жұртшылықты хабардар ету, өзінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті есебіне қорытынды болып табылатын есепті қаржы жылы үшін Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыну, өзінің мазмұны бойынша әкімдіктердің

тиісті есебіне қорытынды болып табылатын есепті қаржы жылы үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттарына жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсыну және бюджеттің атқарылуы барысында шоттарды, есепке алу және есеп құжаттамасын жүргізу бойынша мемлекеттік мекемелер жұмысының жауапкершілігі мен ашықтығын арттыруды қамтамасыз ететіндігі белгілі.[1]

Қаржылық есептілік барысында аудитор есептіліктің тиісті жинақтаушы құжаттарда және белгіленген нысандағы есепке алу тіркелімдерінде жинақталған бастапқы құжаттардың деректері бойынша жасалғанын тексереді.

Қаржылық есептілік аудитін аудит жүргізуші уәкілетті органдардың барлығы дерлік өткізеді. Бұл мақалада біз Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті және Тексеру комиссияларының қызметі барысында анықталған қаржылық бұзушылықтар мен қалпына келтірілген бюджет қаражаттары жайлы қарастыра отырып қаржылық есептілік аудитінің мемлекеттік аудит объектілернің қызметін бағалаудағы рөлін байқауға тырысамыз.


2018 жылы 23 аудиторлық іс-шара өткізіліп, мемлекеттік аудитпен 179 объекті қамтылған. 2018 жылы аудитпен қамтылған қаражат мөлшері 5179,8 млрд теңгені қамтыған, оның ішінде бұзушылық жалпы қаражаттың 8,3%-ын, яғни 429,2 млрд теңгені құраған. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 138 млрд теңгені құраған. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек бұл әрбір аудитпен қамтылған ұйымға 771 млн теңге шамасында үлестеледі. Қайта қалпына келуге жататын қаражат сомасы 138,1 млрд теңгені құрап, 130,1 млрд (94,2%) теңге қайта қалпына келтірілген.



1-сурет. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2018 жылғы жүргізген қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері (млрд тг)


2019 жылы 20 аудиторлық іс-шара өткізіліп, мемлекеттік аудитпен өткен жылға қарағанда 28-ге артық объект қамтылып жалпы саны 207-ні құраған. Аудитпен қамтылған қаражат көлемі 5,6 есе артып 34 177,5 млрд теңгені құраған. 2019 жылы анықталған бұзушылықтар 1 203,8 млрд теңгені құраған, оның ішіне қаржылық бұзушылық 2019 жылға қарағанда 74%-ға төмендеп 35,8

млрд теңгені құраған. Қайта қалпына келтірілуге жататын қаражат көлемі 35,7 млрд теңгені құрап оның 67,8% қалпына келтірілген.



2-сурет. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2019 жылғы жүргізген қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері (млрд тг)

2020 жылы 18 аудиторлық іс-шара өткізіліп, 2019 жылмен салыстырғанда 43%-ға кеміген дәлірек айтқанда 117 мемлекеттік орган мемлекетті аудитпен қамтылды. Аудитпен қамтылған объектілер саны азайғанымен аудитпен қамтылған қаражат сомасы 38%-ға артып 47 278,8 млрд теңгені құраған. Анықталған бұзушылық 2019 жылмен салыстырғанда 54 пайызға өсіп 1 852,7 млрд теңгені құраған, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 80,6 млрд теңгені құрады. Бір объектіге анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомасы 689 млн теңгеге тең. Қайта қалпына келтірілуге жататын қаражат көлемі 80,6 млрд теңгені құрап оның 19,5% ғана қалпына келтірілген.



3-сурет. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2020 жылғы жүргізген қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері (млрд тг)

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің соңғы 3 жылда жасаған жұмыстарының нәтижесінде аудитпен 86 652,1 млрд теңге қамтылып, 3 548,7 млрд теңге көлемінде бұзушылық







арттыруға үлкен рөл атқаратындығын байқаймыз. Қорытынды жасай отырып, қаржылық есептілік аудиті барлық мемлекеттік органдардың өз қызметінің тиімділігін арттыруға, бухгалтерлік есеп жүргізу кезінде ықтимал қателіктердің алдын алуға және түзетуге, сондай-ақ қаржыландырудың жаңа көздерін іздеуге көмек көрсете отырып, нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі болды деп айта аламыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенова Ляззат Зияденовна Государственный финансовый контроль [Электронный ресурс] <https://mbook.kz/> Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің ресми сайты - <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kz>

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІН

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ БЕЙІМДЕУ

*Әділбекова А., Қадирбаева М.А., Сұлтан Н.А.*

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3-курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасы

E-mail: [nuraika2700@gmail.com](mailto:nuraika2700@gmail.com)

**Аннотация:** Бұл мақалада Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит жүйесін халықаралық тәжірибеге бейімдеу мәселесі қарастырылады. Әлемдік кейбір елдердің мемлекеттік аудит жүйесі, құрылымы және жұмыс істеу принциптеріне жан-жақты сипаттама беріледі. Сонымен қатар, қазақстандық мемлекеттік аудит моделінің одан әрі дамытылуы керек тұстары ашып көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік аудит, мемлекеттік қаржы, қаржылық бақылау, сапа бақылауы, қаржылық есептілік, қаржылық есептілік аудиті, бұрмаланушылықтар.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается вопрос адаптации системы государственного аудита Республики Казахстан к международной практике. Дается всесторонняя характеристика системы, структуры и принципов функционирования государственного аудита некоторых стран мира. Вместе с тем, раскрываются моменты, по которым должна развиваться казахстанская модель государственного аудита.

**Ключевые слова:** государственный аудит, государственные финансы, финансовый контроль, контроль качества, финансовая отчетность, аудит финансовой отчетности, искажения.

**Abstract:** This article discusses the issue of adapting the state audit system of the Republic of Kazakhstan to international practice. A comprehensive description of